

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК КАЗАХСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО  
ЖЕНСКОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА**

**BULLETIN OF THE KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER  
TRAINING UNIVERSITY**

**№5 (53) 2014**

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ХАБАРШЫ  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ  
ВЕСТНИК  
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY  
BULLETIN  
SCIENTIFIC JOURNAL

№5 (53)

2006 жылдан бастап шығады, шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) Ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы №13965-Ж куәлігі бойынша тіркелген

**Бас редактор**

Нөкетаева Д.Ж. - п.ғ.к.

**Бас редактордың орынбасары**

Алиев Б.Ә. – ф.-м.ғ.д., профессор

**Редакциялық алқа**

Бакибаев А. - х.ғ.д., профессор (Ресей)

Абилев С. К. - б.ғ.д., профессор (Ресей)

Щепеткин И.А. - б.ғ.к., профессор (АҚШ Монтана университеті)

Бутин Б.М. - х.ғ.д., профессор

Сәтімбеков Р.С. - профессор

Құрманбаева М.С. - б.ғ.д., профессор м.а.

Дейв Чан – PhD Geotechnical Engineering, профессор (Канада, Альберта университеті).

Лазерев В.А. – п.ғ.д, профессор (Ресей, Центр современного образования и НМС по математике МО и Н РФ).

Обозов А.Дж. – техн.ғ.д., профессор (Қырғызстан, И.Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті).

Жамалов А. – техн.ғ.д., профессор

Құлбек М.Қ. – ф.-м.ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).

Баймахан Р.Б. – техн.ғ.д., профессор

Есқалиев М.Е.– техн.ғ.д., профессор

Роже Бастриос – PhD., профессор, гуманитарлық ғылымдар докторы (Франция)

Фарух Чолах – PhD., профессор (Түркия)

Семенов П.А. – ф.ғ.д. (Ресей)

Сүлейменова Ж.Н.– п.ғ.д., профессор

Қансейітова Ұ.Р. – п.ғ.к.

Әбді Уақап Қара – профессор, PhD (Түркия)

Ахмет Ташағыл – профессор, PhD (Түркия)

Махмудов Б. Л. – PhD (Абай атындағы ҚазҰПУ)

Сүлейменова Ж.Д. – PhD (Астана қаласы)

Смағұлова С.Ә. – т.ғ.д., профессор (Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты)

Гогоберидзе А.Г. – п.ғ.д., профессор (Ресей)

Джуринский А.Н. – п.ғ.д., профессор (Ресей)  
Артамонова Е.И. – п.ғ.д., профессор (Ресей)  
Аймағамбетова Қ.А.–п.ғ.д., профессор  
Бапаева М.К. – п.ғ.к., доцент  
Сұлтанова Р. – Азияттық музыка орталығының директоры (Кембридж университеті)  
Бағдат Естемесұлы – музыка институтының профессоры (Қытай Халық Республикасы Шыңжаң педагогикалық университеті)  
Құлманова Ш.Б. – п.ғ.д., профессор  
Халитова И.Р. – п.ғ.д., (Абай атындағы ҚазҰПУ).

#### **Редакциялық кеңес**

Кішібаев Қ.О. - х.ғ.к.  
Мырзахметова Н.О. - х.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.  
Мамырова К. Н. - п.ғ.к., доцент  
Мухамединова Н. А. - п.ғ.к., доцент  
Жексембиев Р.Қ. - б.ғ.к., доцент  
Мырзалиев Ж. – ф.-м.ғ.д., профессор  
Тұңғатарова Ә.Б.– ф.-м.ғ.д, профессор (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ).  
Исаев С.Ә. – ф. - м.ғ.к, профессор  
Мұқашов Қ.М. – ф.-м. ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).  
Заурбеков Н.С. – техн.ғ.д., профессор (Алматы технологиялық Университеті).  
Файзуллаев А.А. – п .ғ.д, қауым.профессор  
Ершина А.Қ. – ф.-м.ғ.д., профессор  
Салғараева Г.И. – техн.ғ.к., профессор  
Сатбекова А.А. – п.ғ.д., профессор  
Ержанова С.Б. – ф.ғ.д., профессор м.а.  
Ермекова Т.Н. – ф.ғ.д., доцент  
Базылова Б.Қ. – ф.ғ.к., доцент  
Рысбаева Г.Қ. – ф.ғ.к., доцент  
Нұрланбекова Е.Қ. – п.ғ.к.  
Аширбекова Ж.Б. – т.ғ.к., доцент  
Қожакеева Л.Т. – т.ғ.д., профессор  
Иманбекова Б.И. – саяси ғ.д., доцент  
Заманбеков Ш.З. – э.ғ.к., доцент  
Баданов А.И. – э.ғ.к., доцент  
Қайпбаева А.Т. – т.ғ.к.  
Жиенбаева С.Н.–п.ғ.д., профессор  
Шаталина В.В.-п.ғ.к., доктор PhD, (Ресей)  
Шеръязданова Х.Т. – п.ғ.д., профессор  
Мұратбаева Г.А. – п.ғ.д., доцент  
Абаева Г.А. – п.ғ.к., доцент  
Бейсенова Ж.Ж.– п.ғ.к., аға оқытушы  
Өмірбаева Г.Ш. – п.ғ.к., доцент  
Қоңыратбай Т.Ә. – ф.ғ.д., профессор  
Бисембаева Б.Ә. – п.ғ.к., доцент (Астана қаласы)  
Какимова Л.Ш. – п.ғ.к., доцент  
**Жауапты редактор-**Сәндібаева Н.Ә. - п.ғ.к.  
**Редакторлар** Ж.Қ. Қуанышева, С.Авдарсолқызы, Қ.Ж.Тұрсынбаева, Р.Т.Айтбаева, А.Текесбаева, М.А.Оразалиева.  
**Корректор** Маханбетова С.Е. – магистр

## МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-TABLE OF CONTENTS

### ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES

<i>Жүсіпбеков Ө.Ж., Нұрғалиева Г.О., Мырзахметова Н.О., Муханова Г.</i> ҚҰРАМЫНДА ГУМАТЫ БАР ОРГАНО-МИНЕРАЛДЫ ТЫҒАЙТҚЫШТАРДЫ АЛУ.....	5
<i>Mataev M.M., Abdraitova M.R., Maigeldieva S.K.</i> ROLE IN TRAINING SUBJECT CRYSTAL CHEMISTS.....	8
<i>Меңліғазиев Е., Қозанбаева Н.</i> ПОЛИУРЕТАН ЖӘНЕ ПОЛИИЗОЦИАНАТ НЕГІЗІНДЕГІ ЖЕЛІМДЕР.....	12

### ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА

#### PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTER SCIENCE

<i>Мырзалиев Ж.М., Қаленова А.Т.</i> КВАЗИ-СЫЗЫҚТЫ АВТОНОМДЫ ТЕНДЕУЛЕРДІҢ ПЕРИОДТЫ ШЕШІМДЕРІ.....	19
<i>Сәндібаева Н.Ә., Маханбетова С.Е., Зейдін Қ.</i> БОЛАШАҚ ФИЗИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ.....	22

### ФИЛОЛОГИЯ– PHILOLOGY

<i>Найманбаев А.</i> ТҮЛҒА БЕЙНЕСІ.....	25
<i>Nurlanbekova Y.</i> USING INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES IN THE EDUCATIONAL PROCESS.....	28

### ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ– ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО

#### HISTORY, ECONOMY AND LAW

<i>Есиркеп А.</i> СОЦИАЛЬНОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ И СОЦИАЛЬНАЯ ЗАЩИТА ИНВАЛИДОВ В КАЗАХСТАНЕ ЗА 2005-2013 ГГ.....	31
<i>Esmurzanova G., Issanova G.,</i> REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE SHANGHAI COOPERATION ORGANIZATION: HISTORY AND PERSPECTIVES OF DEVELOPMENT.....	35
<i>Каржаубаев А.М.</i> РАЗВИТИЕ ШОУ ПРОГРАММЫ И ОСОБЕННОСТИ ИХ ОРГАНИЗАЦИИ.....	40
<i>Ташенев М.Ж., Башикова А.Б.,</i> ОБ ОЦЕНКАХ ПРИСОЕДИНЕНИЯ КАЗАХСТАНА К РОССИИ В ИСТОРИОГРАФИИ ПОСТСОВЕТСКОГО ПЕРИОДА.....	44

### ПЕДАГОГИКА – ПСИХОЛОГИЯ, PEDAGOGY - PSYCHOLOGY

<i>Абеуова И.А.</i> СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ ПЕДАГОГОВ ПО «САМОПОЗНАНИЮ».....	50
<i>Атагельдиева М.Б.</i> ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ЖАҢА ӘДІСТЕРІ МЕН ҮЛГІЛЕРІ.....	54
<i>Беркутбаева М.З.</i> СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	59
<i>Жаспанова Т.Қ., Қойшыбайқызы А.</i> АНА ТІЛІ САБАҒЫН ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	63
<i>Мапарова Г.К.</i> MOTIVATION IN LEARNING FOREIGN LANGUAGES.....	66
<i>Tekesbaeva A.M.</i> FORMATION OF A SENSE OF PATRIOTISM IN PRIMARY SCHOOL PUPILS.....	70

### ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ – ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА

#### ART AND CULTURE

<i>Смағұлов М.</i> ӨНІШЛІК ӨНЕРГЕ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	72
<i>Усенбаева Ш.М., Естаева Д.Қ.</i> КІТАПХАНА ІСІ МАМАНДАРЫНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	76

ӘОЖ 547.992+622.32+665.4

**ҚҰРАМЫНДА ГУМАТЫ БАР ОРГАНО-МИНЕРАЛДЫ  
ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ АЛУ**

*Жүсіпбеков Ө.Ж., Нұрғалиева Г.О.  
Мырзахметова Н.О., Муханова Г.  
(Алматы қ., А.Б.Бектұров атындағы ХФИ АҚ,  
Қазақ мемлекеттік қыздар  
педагогикалық университеті)*

**Аннотация:** Құрамында гуматы бар орғано-минералдық тыңайтқыштарды фосфорит пен фосфор өндірісі қалдықтарынан қышқылдық ыдырату процесі арқылы алудың оңтайлы жағдайлары мен параметрлері анықталған. Құрамында гуматы бар орғано-минералды тыңайтқыштарды пайдаланғанда тыңайтқыштарды жеке-жеке енгізудегі қосымша шығындар азаяды, сонымен қатар, ауыл шаруашылық дақылдарының сапасы мен өнімділігінің артуы қарастырылған. Сондай-ақ алынған дайын өнім экологиялық таза тыңайтқыш ретінде тек қана ауыл шаруашылығында ғана емес, шөл және шөлейт жерлерді көріктендіру үшін, ағаш, өсімдіктер аз өсетін аймақтарда өсімдіктерді өсіріп, жасыл желекті көбейту үшін де қолданылады. Тыңайтқыштар алуға жұмсалатын шикізат отандық шикізат болатындықтан алынған өнімнің де бағасы нарық талабына сай, өте қымбат емес және қолжетімділігі туралы айтылған.

**Түйін сөздер:** натрий гуматы, орғано-минералды тыңайтқыштар, гуминді қосылыстар, фосфор қышқылы, қышқылдық ыдырату.

Қалдықсыз өнім өндірісінің мәні жұмсалатын ресурстарды толық пайдалану арқылы биосфераның ластануына жол бермеу. Практика жүзінде қалдықсыз өнім өндіруді жүзеге асыру өте қиын. Қалдықсыз өнім өндіруге технологиялық процестер мен құрал-жабдықтардың тиімділігін арттыру, қоланылып келе жатқан технологиялық процестерді анағұрлым экологиялық жағынан таза процестермен алмастыру, т.б. арқылы жетуге болады.

Осындай қалдықсыз технологияны жүзеге асыру жолдарының бірі-фосфор өндірісі қалдықтарынан ауыл шаруашылығына қажетті тыңайтқыштарды алу болып табылады.

Әдетте, ауыл шаруашылығында тек қана минералды (аммофос, суперфосфат, селитра және т.б.) және органикалық (көң, құстың саңғырығы және т.б.) тыңайтқыштар қолданады. Оларды жеке-жеке қолдану тиімді емес, өйткені өсімдіктердің өсіп-дамуы үшін қоректі элементтерді кешенді түрде пайдалану қажет. Сондай-ақ, минералды тыңайтқыштардың пайдалы әсер коэффициенті төмен ( $N - 30-45\%$ ,  $P_2O_5 - 10-15\%$ ), мәселен азотты тыңайтқыштар сумен шайылып кететін болса, фосфор тыңайтқыштары топырақта өсімдік сіңіре алмайтын түрге ауысады. Сонымен бірге, топырақ қоры деградацияға ұшырап, ондағы гумустың мөлшері азайды, яғни топырақтың құнарлығы төмендеп кетті. Осы және өзге де факторлар егістік және суармалы жерлердің көлемінің азаюына, ауыл шаруашылық дақылдарының өнімділігінің төмендеуіне алып келді. Сонымен бірге, қолданылып жүрген тыңайтқыштардың ассортименті, тиімділігі төмен және топырақтың құнарлығына әсер етпейді [1, 2].

Сондықтан мол және сапалы өнім алу үшін құрамында гуматы бар орғано-минералды тыңайтқыштарды қолдану керек, сондай-ақ бұл тыңайтқыштардың құрамында гуминді қосылыстар болғандықтан өсімдіктердің тез өсіп жетілуіне, алынатын өнімдердің сапасына әсер етеді және экологиялық таза өнім болып табылады. Гуминді қосылыстар табиғи биологиялық белсенді заттар болғандықтан, бұл тыңайтқыштарды пайдалану барысында топырақтың құрылымы мен оның сапалық көрсеткіштері жақсарыады, минералды тыңайтқыштардың әсер ету коэффициенті жоғарылап, топырақ ерітіндісінде ерімейтін

фосфат тұздары пайда болмайды, яғни осындай тыңайтқыштарды пайдалану өсімдіктердің негізгі қоректі элементтерді фосфорды, азотты, калийді сіңіруіне оң әсерін тигізеді. Сондай-ақ, мұндай тыңайтқыштар топырақтың ылғалдылығын және ондағы гумус мөлшерін жоғарылатады, өсімдікке минералды заттардың түсуін және тамыр айналасындағы көмірқышқыл концентрациясын жақсартады [3-5]. Өсімдіктердің қоректенуі үшін гуминді қосылыстар құрамындағы макро- және микроэлементтердің де (Ca, Mn, Co, B, Mo, Ni, Cu, Zn және т.б.) маңызы зор болып табылады. Құрамында гуматы бар органо-минералды тыңайтқыштарды пайдаланғанда тыңайтқыштарды жеке-жеке енгізудегі қосымша шығындар азаяды, сонымен қатар, ауыл шаруашылық дақылдарының сапасы мен өнімділігі артады.

Сонымен бірге, елімізде құрамында гуматы бар органо-минералды тыңайтқыштар алу үшін жеткілікті шикізат көзі де бар. Атап айтқанда, Қаратау бассейнінің фосфат кенінің жалпы қоры 1729 млн.т., ал фосфор кәсіпорындарының техногенді қалдықтарының мөлшері 10 млн.т. жуық және гуминді қосылыстардың негізгі шикізат көзі болып табылатын қоңыр көмірдің Қазақстандағы қоры 60 млрд.т. дейін бағаланып отыр. Қоңыр көмірдің қуаты аз, жылу көрсеткіші төмен болғандықтан оны отын түрінде пайдалануға болмайды. Сондықтан, бұл көмір жарамсыз күйінде қалып қояды да қоршаған ортаны ластайды. Алайда Республикамызда фосфорлы шикізат пен құрамында гуминді қосылыстары бар қоңыр көмір негізінде органо-минералды тыңайтқыштар алудың өндірістік базасы толығымен жоқ [6].

Натрий гуматы мен фосфориттік тозаң түріндегі қалдықтардан қышқылдық ыдырату арқылы құрамында гуматы бар тыңайтқыштарды алудың оңтайлы жағдайлары мен технологиялық параметрлерін анықтау үшін зерттеулер жүргізілді.

Зерттеулер нәтижесінде фосфорит ұнтағының тозаң түріндегі фракциясын ыдырату процесін қышқылдық реагенттің төменгі мөлшерінде (стехиометриялық қажет мөлшердің 5-10%-дай) жүргізу қажеттігі анықталды. Фосфор қышқылының бір бөлігін азот қышқылына алмастыру  $P_2O_5$ -тің судағы мөлшері мен сіңірілетін формалары коэффициенттерінің біршама артуына әкеледі.

Эксперимент нәтижелері көрсеткендей, фосфорит ұнтағын қышқылдық ыдыратуға натрий гуматын қосу  $P_2O_5$  ретроградация процесін тежейді, себебі бастапқы заттардың әрекеттесу нәтижесінде пайда болған кальций гидрофосфаты натрий гуматы әсерінен дигидрофосфатқа айналады. Қосатын натрий гуматының мөлшерін көбейткен сайын  $CaHPO_4$ -тің  $Ca(H_2PO_4)_2$ -ге айналуы күшейе түседі.

Натрий гуматын қолдану пульпаның қышқылдығын азайтып, оның бейтараптануына жұмсалатын аммиак мөлшерін азайтады.

Алынған зерттеу нәтижелері негізінде процестің оңтайлы жағдайлары мен параметрлері анықталды (1-кесте. Құрамында гуматы бар тыңайтқыштарды алу процесінің оңтайлы жағдайлары мен параметрлері).

Кесте 1.

Қышқылдық реагент	Қышқылдық реагент нормасы, %	Натрий гуматы мөлшері, г	Уақыт, мин		Температура, °С	
			ыдырау	натрий гуматын қосу	ыдырау	кептіру
$H_3PO_4$	90	75	60	30	60	80
$H_3PO_4+HNO_3$	95	100	60	30	60	80

Бұл жердегі технологиялық процестің негізі құрамында фосфоры бар шикізат пен натрий гуматын қышқылдық реагенттің азайтылған мөлшерімен өңдеу болып табылады.

Ұсынылып отырған әдістеме бойынша процеске натрий гуматын қосқанда біріншіден, фосфордың сіңірілетін формасының коэффициенті артады, екіншіден, пульпаның қышқылдығы төмендеп, соған сәйкес бейтараптайтын реагент мөлшері азаяды. Үшіншіден, фосфаттық шикізаттың ыдырау уақыты біршама төмендейді. Құрамында гумат бар тыңайтқыштарды алу сызбанұсқасы химиялық өндірістің бастапқы компоненттерді араластыру, бейтараптау, кептіру және дайын өнімдерді ұнтақтау сияқты бірнеше

стандартты сатыларын қамтиды. Оны технологиялық сызба түрінде өрнектеп көрсетуге болады (1-сурет).



1-сурет. Құрамында гумат бар тыңайтқышты алудың технологиялық сызбасы

Берілген технология негізінде процестің технологиялық көрсеткіштерін өзгерте отырып, технологиялық процеске фосфоритпен қатар фосфор өндірістері қалдықтарын да қолдануға болады және берілген құрамдағы, реттеуге болатын қасиеттері бар құрамында гуматтары бар өнімдер алуға да мүмкіндік туады [7]. Сонымен қатар, бұл технология қалдықсыз технология болып табылады, оны фосфор өндірістері қондырғылары көмегімен де жүзеге асыруға болады.

Алынған дайын өнім экологиялық таза тыңайтқыш ретінде тек қана ауыл шаруашылығында ғана емес, шөл және шөлейт жерлерді көріктендіру үшін, ағаш, өсімдіктер аз өсетін аймақтарда өсімдіктерді өсіріп, жасыл желекті көбейту үшін де қолданылады. Тыңайтқыштар алуға жұмсалатын шикізат отандық шикізат болатындықтан алынған өнімнің де бағасы нарық талабына сай, өте қымбат емес және қолжетімді болып табылады. Бұл бір жағынан отандық өндірісті дамытудың бір көзі деуге болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Орлов Д.С. Гумусовые кислоты почв и общая теория гумификации. М., 1990. 325с.
2. Горовая А.И., Орлов Д.С., Щербенко О.В. Гуминовые вещества. Киев, 1995. 304с.
3. Головин Г.С., Родэ В.В., Малолетнев А.С., Лунин В.В. Уголь – сырьё для получения продуктов топливного и химико-технологического назначения // Химия твердого топлива. – 2001. – № 4. – С. 3–29.
4. Кухаренко Т.А. О молекулярной структуре гуминовых кислот / Гуминовые вещества в биосфере. М., 1993. С.27-35.
5. Комиссаров И.Д., Логинов Л.Ф. Молекулярная структура и реакционная способность гуминовых кислот / Гуминовые вещества в биосфере. М., 1993. С.36-45.
6. Орлов Д.С. Гуминовые вещества в биосфере // Соросовский образовательный журнал. М., 1997. №2. С.56-63.
7. Орлов Д.С. Свойства и функции гуминовых веществ / Гуминовые вещества в биосфере. М., 1993. С.16-27.

## РЕЗЮМЕ

**Жусипбеков О.Ж., Нурғалиева Г.О., Мырзахметова Н.О., Муханова Г.**  
(г. Алматы АО ИХН имени А.Б.Бектурова,  
Казахский государственный женский педагогический университет)

### ПОЛУЧЕНИЕ ГУМАТСОДЕРЖАЩИХ ОРГАНО-МИНЕРАЛЬНЫХ УДОБРЕНИЙ

В статье рассматриваются гуматсодержащие органо-минеральные удобрения. Предложены технологические схемы процессов получения гуматсодержащих удобрений, определены оптимальные условия процесса.

**Ключевые слова:** гумат натрия, органо-минеральные удобрения, гуминовые соединения, кислота фосфора.

## SUMMARY

**O.Zh. Zhusipbekov, G.O. Nurgalieva, N.O. Mirzakhmetova, G. Mukhanova**  
(city Almaty, Institute of Chemical Sciences named after A.B. Bekturov,  
Kazakh State Women's Teacher Training University)

### GETTING HUMATE CONTAINING ORGANIC AND MINERAL FERTILIZERS

The article have humate containing of organic-mineral fertilizers. Proposed technological schemes of processes of humate containing fertilizers, the optimum process conditions.

**Key words:** sodium humate, organo-mineral fertilizers, humic compounds, phosphorous acid

УДК 548.312: 378.03

## ROLE IN TRAINING SUBJECT CRYSTAL CHEMISTS

**Mataev M.M.,** Doctor of Chemistry, Professor  
**Abdraimova M.R.,** master of chemistry  
**Maigeldieva S.K.**  
(Almaty city, Kazakh State Women's  
Teacher Training University)

**Abstract:** This article provides steps and basic questions crystal. As well as the systematization of structural material, identification and interpretation of laws inherent in the structure of crystalline substances, establishing dependence of the physical and chemical properties of the structure of the main tasks of crystal chemistry.

**Keywords:** Crystal, crystal lattice, crystallography, rentgenosrukturny analysis, neutron diffraction, electron diffraction.

Crystal chemistry - the most important branch of chemistry, the science of crystal structures based mainly on data from X-ray diffraction, neutron diffraction and electron and diffraction [1]. Modern crystal chemistry comes from the idea that ions and atoms have a spherical shape, and the spatial crystal lattice is formed on the basis of the densest packing ball, in which the ions tend to adopt the most stable configuration corresponding to the minimum potential energy. This corresponds to the condition of closest approach of the ions and ions of the same maximum distance.

Advances in modern crystal allow us to find the connection between the chemical composition, structure and physical properties of minerals. Since minerals are not only defined chemical compounds, but primarily natural objects with certain p - and physical properties of, often

playing a leading role in their diagnosis, classification of minerals necessary to build not only on the chemical, sometimes incorrectly interpreted properties.

The development of modern crystal leads to increasing use of structural data in general chemistry. Crystal chemistry establishing mutual influence atoms chemically homogeneous with the formation of chemical bonds in crystalline compounds, thereby explains the dependence of the physico - chemical properties of the structure, and associates with the basic chemical structure of the property - reactivity. Therefore, the use of crystal patterns reveals effective ways synthesis of chemical compounds with any prescribed properties. Unlike other physical methods for studying the structure of matter, the use of X-ray diffractiostructure of crystals allows to determine the structure of complex compounds produced by synthetic chemistry.

Methods of modern crystal served as the basis for a special direction in theoretical chemistry, which was developed over the past decades prof. Yuri Vladimirovich Hodakova who proved that for the prediction of possible chemical compounds and some of their properties can be guided by the principles in which the idea of forming the entourage as agreed with the influence of the chemical environment. Modern x-ray diffraction analysis and other methods - the main source of reliable quantitative information on the structure of chemicals (from the elementary structures of metals and ionic binary compounds to complex structures of biopolymers and complexes with polydentate ligands). Processing of this information, ordering structural material, identification and interpretation of the laws inherent in the structure of crystalline materials, depending on the establishment of physical and chemical properties of the structure - these are the main problems of crystal chemistry [2].

Crystal chemistry is most closely associated with crystallography, studying mainly the external form of the crystal, solid state physics, geology, mineralogy, materials science. We emphasize that in the preparation and study of new materials chemical knowledge and ideas come to the fore. It is important to bear in mind that the successful acquisition of knowledge requires a crystal-visual presentation, visualization of structures using ball-and-wire models, as well as moving images on a computer monitor. Perfect forms of natural crystals always aroused in people as a mystical rapture, and the desire to solve the mystery hidden in them . In medieval treatises on mineralogy and alchemy crystalline substance called a product of the higher realms: the sun, moon, stars and planets, as well as numerous gods of all times and peoples. Beauty of crystals not only admired: their physical properties used already in stone tools and in historical time crystalline minerals as raw material for steel smelting , producing paints and drugs manufacture of ceramics, glass , building materials and other products of the nascent industry. It's safe to say that in the history of mankind crystals have always been closely associated with chemistry - as mysterious ancient area of knowledge of the transformations of substances [3].

Crystal chemistry, ie, «the description of crystals», began as a scientific discipline in the XVII century. In the development of science, it has played a huge role: it is here that any representations about atoms and molecules as tiny «building blocks» of the structure of matter, which is then passed into the physics and chemistry. The first quantitative law of chemistry - the law of multiple proportions the number of elements in compounds - was proposed in 1803 by Englishman John Dalton. But the French founder of the atomic crystallography Hauy Rene had already formulated the law of another quantitative matter, something similar to Dalton's law: the mutual arrangement of the crystal faces correspond to different triples of integers. Only two centuries later grew out of the mathematical theory of crystallographic groups showed a deep kinship laws Hauy and Dalton: regular geometric shape of the crystals follow from the symmetry of the crystal lattice, while integer valence elements - from spherical symmetry of the atom [4].

Three centuries in a row crystallography was far ahead of all other areas of science . His law of integral relations Hauy brought on the basis of the first catalog of crystals composed another French researcher Romeu de Lisle. In 1783, this catalog contains descriptions of 500 crystalline substances. But in the early XVII century Kepler and later Newton, Huygens and Lomonosov independently explained the shape and optical properties of crystals ordered arrangement of the constituent particles, which then was not even a generally accepted term. Crystallographer XIX

century in his work used non-Euclidean geometry (trigonometry on the sphere), knew and often developed a mathematical theory of symmetry, inorganic chemistry, mineralogy, only arises crystal physics and many other disciplines. And yet he was able to measure the exact shape of the crystal, recording in the dark reflection of the weak candle flame from the faces of the sample, turning in an optical goniometer («protractor») - contemporaries compared these skills with the art of swordsman. According to the first law of crystallography, independently established many great naturalists (among them was Lomonosov) and finalized Romeu de Lisle, each substance has its own individual set of angles between the faces of the crystal - a «passport» chemical compound withstand up to a hundredth of a degree [4].

The first half of the twentieth century, crystallography, mineralogy and inorganic chemistry developed in parallel, borrowing and using new results from adjacent areas. By mid-century there was crystal chemistry: the science of the atomic structure of crystals and the relationship of this structure to the physical and chemical properties of crystalline substances. The creators of a new discipline - Victor Moritz Goldschmidt in Germany and Linus Pauling in the U.S. - based on a small number of experimentally determined structures derived simple universal principles that are still allowed to describe the structure of almost all known crystalline compounds. Crystal chemistry «Pauling» became the foundation of the entire theoretical and structural chemistry of the twentieth century. Development of the theory of diffraction and X-ray computer technology has transformed kristalografiyu in the application area of research, where objectively established («unscrambled») increasingly complex crystal structures. In the 1950's, Soviet physicist Kitaygorodsky founded the organic crystal, extending the principle of close packing of atoms on a complex organic molecules, and developed a method of atom-atom potentials, which allowed to calculate the molecular structure of crystals appeared at that time computers. A Pauling and other authors at the same time apply the method to the analysis of crystal structure of protein molecules, thus laying the foundations of structural biology. By the early 1960s, crystal chemistry as a science developed in the form in which there is a still developing. Today in the computer database of more than 600 thousand different crystal structures and the same powder pattern taken with polycrystalline samples of various compounds. In chemistry and mineralogy banks powder pattern successfully replaced atlases with geometric shapes of crystals, which a hundred years ago were the main instrument of identification known crystalline substances. Modern instruments and programs allow 1-2 hours to determine the qualitative and quantitative composition and often complex mixture of crystalline components of 20-30 mg powder sample of her (in synchrotron centers - several milligrams of the mixture). This method will also explore the conversion of reactants in solid state chemistry. «Fast» X-ray diffractometry is already competing with the classical methods of spectroscopy, penetrating into new areas of medical and combinatorial chemistry. Volume diffraction data on the structure of new materials is constantly growing and seems to double in the next decade [5].

The most powerful method in physical chemistry is x-ray diffraction (XRD), which gives full information about the arrangement of atoms in a crystal. In theoretical studies of the crystal structure is widely used computer simulation of crystal structures. But the greatest value to the chemist are qualitative laws that predict the composition and properties of the reaction products without calculation. Many of these laws, which were included in a series of chemical disciplines have crista llohimicheskuyu basis. Basic knowledge of the crystal chemistry of synthetic chemists allows to navigate in unusual situations, explain and even predict things that would otherwise have to learn just as stubborn, but the empirical facts are unclear.

Benefits for Chemical Crystallography is not limited to the influence of crystal structure on the properties and reactivity of specific classes of compounds. Basic knowledge of crystal optimizes and speeds up the whole process of research substances and materials. With this theoretical baggage chemist diffraction estimate the size of nanoparticles in the sample, calculate the density and predict the mechanical properties of the new compounds according to its crystal structure, determine the oxidation state of the atoms on the geometry of the near environment, right offer reagent for introduction into the channels of the selected zeolite matrix. The search for new materials with

desired properties modern researcher will begin by reviewing the bank's structural data - usually it allows you to compile a long list of known compounds with the desired property for further modification. Formed by synthetic chemists can distinguish correct SAR data from erroneous and will not fall into the trap of the analysis of disordered structures, solid solutions and other methodological complications. The huge volume of data in modern structural chemistry and its geometric language made crystal chemistry necessary part of the physico-chemical knowledge [6].

#### REFERENCES

1. Chuprunov EV, AV Khokhlov, MA Fadeev Fundamentals of Crystallography. - Moscow: Fizmatlit, 2004, 500 p.
2. Yu.K.Egorov-Tismenko. Crystallography and crystal chemistry. - Moscow: KDU, 2005, 592 p.
3. Rozin KM Practical crystallography. -M.: MISA, 2005, 486 p.
4. Tasks for crystallography. Ed. E.V.Chuprunova, A.F.Hohlovva. M. Fizmatlit, 2003, 208 p.
5. Crystallography. Laboratory workshop. Pod.red. E.V.Chuprunova Fizmatlit, Moscow, 2005, 412 p.
6. Mataev M.M, Aldabergenov M.K. Crystal chemistry 2002, 90p

#### РЕЗЮМЕ

*Матаев М.М., х.г.д., профессор, Абдирайымова М., магистр химии, Майгелдиева С.К.  
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

#### РОЛЬ КРИСТАЛЛОХИМИИ В ПОДГОТОВКЕ КАДРОВ

В этой статье рассмотрены основные вопросы и этапы развития кристаллохимии. А так же систематизация конструкционного материала, экспозиции и интерпретации кристаллических веществ.

**Ключевые слова:** кристалл, кристаллическая решетка, кристаллография, рентгеноструктурный анализ, дифракция нейтронов, дифракция электронов

#### ТҮЙІНДЕМЕ

*Матаев М.М., х.г.д., профессор, Абдирайымова М., магистр химии,  
Майгелдиева С.К.  
(city Almaty, Kazakh State Teacher Training University)*

#### МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУДАҒЫ КРИСТАЛЛОХИМИЯНЫҢ РӨЛІ

Бұл мақалада кристаллохимияның қазіргі таңдағы рөлі мен даму сатылары қарастырылған. Сонымен қатар кешенді қосылыстардың және кристалдық заттардың құрылыстары туралы түсінік берілген.

**Түйін сөздер:** кристалл, кристалдық тор, кристаллография, рентгенқұрылымдық талдау, нейтрондар дифракциясы, электрондар дифракциясы.

ӘОЖ: 681.7; 678.6

## ПОЛИУРЕТАН ЖӘНЕ ПОЛИИЗОЦИАНАТ НЕГІЗІНДЕГІ ЖЕЛІМДЕР

*Меңліғазиев Е., х.ғ.д., профессор  
Қоғанбаева Н., 4 курс студенті  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)*


**Аннотация:** Мақалада құрамында негіздік қасиет көрсететін изоцианатты қосылыстардан жаңа типті, желімдік - адгезиялы, торлы полимерлер алынып, олардың түзілу механизмдері полихлорметилхлорфенил силоксанды шайырдан К-111 маркалы желім, полиметилфенилсилоксаннан және көптеген қатырғыштар негізінде К-105 маркалы желімдердің алынуы, кремнийорганикалық шайырмен резина қоспасынан КТ-9 желім өндірілсе, метилфенилполисилоксанды эпоксид шайырларымен модификациялау нәтижесінде ИП-9 маркалы желім алынып, өндірісте қолданыс табуы, бутилметракрилат пен метакрил қышқылы сополимерін кремний органикалық шайырлармен араластырып қыздыру нәтижесінде ВКТ-2 және ВКТ-3 маркалы металдары маталармен қаптау үшін қолданылатын желімдердің алынуы туралы жазылған.

**Түйін сөздер:** полиуретан, полиизоцианат, мочевино, меламино-формальдегидті және полиэфирлі шайырлар, карбамид-латекс.

Құрамында көп гидроксил топтары бар полифункционалды спирттер мен полиуратандардың қалыпты немесе жоғары температурада әрекетесу кезінде гидроксил группаларындағы сутегі атомдарының изоцианатты қосылыстардағы азот атомына көшуінің (миграциялану) арқасында жабыстырғыш (адгезия) қасиеті бар күшті желімдер алынды. Реакция төмендегі механизм бойынша өрбиді.





Гидроксил топтары рөліне көп атомды спирттер мен құрамында (тізбек буындарында) гидроксил топтары бар полиэфирлер қолданылса, диизоцианатқа 2,4 немесе 2,6 полуиленизоцианат алынды. Аталған полиэфирлер (Десмофон 900 деп аталады) мен полиизоцианат (2,4 және 2,6 толуизоцианат қоспасы Десмодур ТН маркасы деп аталады) қоспасынан Германияда Полисталь маркалы желім алынып көптеген заттарды желімдеуде қолданылуда. Десмодур- ТН изоцианатты шайыр құрылымын мынадай етіп көрсетеді.




Десмофон 900 адипин қышқылының (3 моль) триметилпропанмен (4,2 моль) конденсациялау негізінен де алынатын зат.

Алифатикалық дикарбон қышқылы мен көп атомды спирттермен поликонденсациялау нәтижесінде ПУ-2 маркалы желімдер алынып, капрон, найлон негізіндегі маталар мен органикалық әйнектерді желімдеуге қолданыс табуда. Полиэфирлер полиизоцианаттар негізінде алынған ВК-5 маркалы желім алюминий құймаларын, болатты, пластмассалы полимерлерден жасалған бұйымдарды да желімдеуде пайдаланылады.


Перхлорвинильді полиуретанды композициялық шайырлардан ВК-11 маркалы желімдер алынып, целлюлоза маталарын, фанераларды, поролондарды, поливинилхлоридті, пластиктерді желімдеу үшін қолданылады. Хлоропренді каучукті полиамидті және полиэфирлі маталармен желімдеу үшін, төмендегідей құрылымы бар полиметиленфениленизоционат (1) немесе ксилен МР[метилен-бис-(фенил-4-фенилкарбонат)] (2) пайданылады.



2,4-толуиленизоцианат және полигликоль негізінен Адипрен L маркалы, төмендегідей құрылымы бар, 4,4'-метилен-бис-(2-хлоранилиннің) аллилглицидилэфиріндегі ерітіндісін қосқан кезде тез қататын желімдер алынды.




Адипрен L шайырына эпоксидті қосылыстарды қатырғыштар есебіне 4,4'-метилен-бис-(2-хлор)анилин араластырып та желімдер алынды. 1,6 гексаметилендиизоцианатты гексатриол мен полимерлендіру арқылы да, құрылымында активті изоцианатты (4) топтары бар әйнек, керамика және фарфордан жасалған бұйымдарды желімдей алатын композициялық заттар Десмодур-НН, Десмодур-О маркалы шығарылып өндірісте қолданыс табуда.



Бұл желімдер резиналардан жасалған бұйымдар мен металдарда да бір-бірімен желімдеуде таптырылмайтын зат.

Резиналы заттарды металдармен байланыстыру үшін  $n$ ,  $n'$ ,  $n''$ -трифенилметантриизоцианаттың дихлорлы ерітіндісін Лейконат және Десмодур-*R* маркалы желім деп біледі. Оның құрылымының формуласы



Лейконат көбінесе дюралюминий, болаттан, жезден жасалған бұйымдарды табиғи, нитрильді немесе хлоропренді, вулканданбаған (невулканизованная резина) каучуктермен қаптау кезінде желім ретінде қолданылады. Қапталған заттың артынша вулкандалуы (тігілуі, сшивка) керек [1].

Мочевина-формальдегидті шайырлар негізіндегі желімдер. Мочевина кристалды әктүсті көмір қышқылының диаמידі немесе карбамиді. Бір қарағанда мочевина молекуласындағы барлық сутек атомдары бірдей активтілік көрсетуі қажет еді. Әйтседе, оның үш функционалды қосылыс екендігі анықталды. Сол себепті оны құмырсқа қышқылының аминотуындысының амидті қосылысы деп түсінген жөн. Оның құрамындағы -NH<sub>2</sub> тобы әлсіз негіздік қасиет көрсетеді.


Мочевинаның балқу температурасы 133<sup>0</sup>С сол себепті ол осы температураға дейінгі жағдайда тұрақтылық көрсетіп, одан жоғары жағдайда құрылымсызданып, балқу температурасы 193<sup>0</sup>С құрайтын биуратты мына механизммен түзіледі.






Әлсіз қышқылдық, негіздік, тіпті судағы ерітіндісі 50<sup>0</sup>С шамасында аммиакқа және көмірқышқыл газына айналады. Ол суда жақсы ерігенмен спиртте ондай қасиет көрсетпейді. Формальдегид түссіз, өзіндік иісі бар, қайнау температурасы – 19,2<sup>0</sup>С, балқу температурасы – 92<sup>0</sup>С, тығыздығы 0,8153 г/см<sup>3</sup>, өздігімен қалыпты температурада полимерленетін (аз мөлшерде хлорлы сутектің қатысуымен) газ.

Параформ немесе параформальдегид (СН<sub>2</sub>О)<sub>n</sub> аморфты полимерге жатады. Ол суда 50% ериді, соның арқасында гидратталған метиленгликоль формасында (НОСН<sub>2</sub>-ОН) болады.

Жоғарыда аталған мономерлерден алынған соңғы заттардың, желімдердің түзілу механизмі бүгінгі уақытқа дейін толық анықталмаған. Өйткені, жүйенің (поликонденсация өтіп жатқан) қышқылдығының (рН), алғашқы алынған заттар мөлшерінің, процесс температурасының, өту уақытының өзгеруі әртүрлі құрылымы бар заттар береді. Мысалы, жүйе негізіндегі рН-11-13, сұйылтылған ерітіндіде мочевина мен формальдегид монометил мочевина (Н<sub>2</sub>СОНН-СН<sub>2</sub>ОН) берсе, нейтралды және әлсіз негіздік ортада (рН 7-8), алынған заттардың алғашқы мөлшеріне байланысты, моно немесе диметил-мочевина ОС(НН-СН<sub>2</sub>-ОН)<sub>2</sub> береді. Соңғы зат монометил-мочевина мен формальдегидтің келесі молекуласының қосылу негізінде түзіледі. Қышқылдық ортада (рН<1-3) метил-мочевина дегидратация процесіне ұшырап, циклды метил-мочевина береді.



Бұл құбылыс ары қарай өзара әрекеттесіп құрылымы (С<sub>2</sub>Н<sub>4</sub>Н<sub>2</sub>О)<sub>n</sub>, балқымайтын, ерімейтін, аморфты, осыған орай, бүгінгі таңда, еш жерде қолданыс таппаған, заттар береді екен. Жоғарыда келтірілген моно және диметил-мочевиналар, ақ кристалдар, суда және металолда жақсы ериді. Кристалды ұнтақтарын (мононың балқу температурасы 111<sup>0</sup>С болса, диметил-мочевинанікі - 121<sup>0</sup>С) мысалы, біріншісін 100<sup>0</sup>, ал екіншісін 140<sup>0</sup>С-тан жоғары температурада қыздырса, жүйеде ерімейтін заттар алынады екен.



Қалыпты жағдайда жоғарыда көрсетілген реакциялар жүрмейтіні де дәлелденді.

Реакция жүру бағыты жүйе температурасына да байланысты екендігі анықталды. Мысалы жүйенің температурасын  $40^\circ\text{C}$  жоғарылатсақ (метилолмочевинаның түзілу реакциясы) неше түрлі қосымша реакциялар жүруіне жол беріледі.

Сонымен қатар мочевиная қышқылдық ортада солармен (қышқылдармен) реакцияласып тұрақсыз қосылыс түзіледі. Құмырсқа қышқылы үнемі мочевиная құрамында кездеседі. Сол себепті мочевинаяны формалин ерітіндісіне құйсақ жүйе негіздігінің артатыны байқалады. Реакция жүру нәтижесінде мочевиная молекуласы азайып, құмырсқа қышқылының мөлшері артады.

Процестің бастапқы стадиясында метилолды туындылары алынады (бұл нейтралды немесе әлсіз негіздік ортада рН 7-8), ары қарай жүйе негіздігі азайып, төмендеп, рН 3-6,5 аралығында поликонденсация реакциясы жүру механизмі күрделене бастайды. Жоғарыда көрсетілген механизм бойынша мочевиная мен формальдегид негізінде, алыну әдістерінің әртүрлілігіне байланысты МФ-17, МФ, МФС-1, М-4, М-48, М-60, М-70, МФСМ, Бартре шайырлар, ал оларды қымыздық қышқылымен, хлорлы аммониймен, триаммоний нитратпен қатыру (отвердитель) арқылы К-17, МФ, МФС-1, М-4, М-48, М-60, М-70, МФСМ, Бартрев маркалы желімдер алынып фанераны, ағаштан жасалған бұйымдарды желімдеу үшін қолдануда.

Тұтқырлығы жоғары шайырлардан басқа ұнтақты түрін алуға болады. Өйткені, оларды тасымалдау процесі оңайға түседі. Ұнтақталған мочевиная-формальдегидті шайырды алу үшін қою шайырды үлкен қысымда ыстық жүйеге үрлеу (распыления) және түзілген түйіршіктерді кептіру (сушка) арқылы іске асады. Осындай әдіспен СМК-2 маркалы ұнтақ желім алынды. Жоғарыда көрсетілген шайырды негізінде көбіктенетін (вспененные) желімдерде алынды. Түзілген заттың көлемінің ұлғаюына байланысты, негізгі компоненттердің қолданыста шығымы азаяды.


Көбік түзетін заттар негізінде беттік керімділігі үлкен, альбумин, белоктар, сапонин атты қосылыстар қолданылады және олардың жүйедегі жалпы массасы 0,2-1,0% аралығында болады.

Алмания мен Франция елдерінде көбіктенетін желімдерді Каурит атты маркасымен өндірілсе, Швейцарияда «Циба» фирмасы Мелоколл Н, ал АҚШ-та Аэро Ризерч фирмасы Аэролит маркасымен шығарады.

Меламино-формальдегид шайырлары негізіндегі желімдер. Меламино-формальдегидті шайырлар меламина мен формальдегид негізінде негіздік немесе қышқылдық орта әсерімен бірден алтыға дейінгі метиолды тобы бар зат мына схема бойынша беретіні белгілі.




Метилл пластинкаларын, әйнек маталарынан алынған бұйымдарды желімдеу үшін меламин, аммелин және триаллилцианурат мономерлері алынып триазинді ВК-7 маркалы желімдер алынды [2].




меламин (2, 4, 6 триаминотриазин), аммелин (2-окси-4, 6 ди- триаллилцианурат аминотриазин), (2,4,6-триаллилцитриазин).

Полиэфирлі шайырлар негізіндегі желімдер. Олар көп атомды спирттермен көп негізді қышқылдардың поликонденсациялану нәтижесінде түзілетін заттар. Алынған шайырлар металдарды әйнекке, асбесті мыс пластинкасына, алюминий металынан алынған жұқа пластинкаларды (фольга) тығынға, әйнек маталарынан жасалған бұйымдарды бір-біріне желімдеу үшін қолданылады. Олардың желімдік қасиеті алынған қосылыстар буындарындағы гидроксил және карбоксил топтарының бір-біріне әсері деп түсінген жөн. Мақта, әйнек және тоқымалардан жасалған бұйымдарды, кездемелерді метал пластинкаларының бетіне желімдеу үшін МК маркалы желімдер пайдаланылады. Кейбір кезде қанықпаған көмірсутектері бар, мысалы малейн қышқылы мен полиэтиленгликольден де, құрылымы төменде көрсетілгендей, желімдік заттар алынады.



Реакция нәтижесінде түзілген полиэтиленгликольмалеинатты торлы қосылысқа айналдыру үшін стирол, винилацетат, метилметакрилат, дикарбон қышқылының аллил эфирлі мономерін қосады да мақсатына құрылымы төмендегідей полимер алып жетеді.



Бұл желім ағаштан, фанерадан және қағаздан жасалған заттарды жақсы желімдейді.

Желімдер түрлерін көбейту мақсаты үшін құрамында гидроксил топтары көп гидролизді реакцияларға икемді, температураға төзімді кремний органикалық қосылыстар да шетке қалмай олардың негізінде ВК-2, ВК-8, ВК-10, ВК-15, К-105, К-111, КТ-9, ИП-9, КТ-15, КТ-25, ВКТ-2, ВКТ-3 маркалары алынды.

ВК-2 маркалы желімді кремнийорганикалық шайырлар мен асбест қосындысы болса, ВК-8 фенолокремний органикалық шайырларымен жасанды каучукпен композициясы. Егер кремний органикалық қосылыс құрамында ароматикалық буындар болса, онда желімнің температураға төзімділігі артады. Желімденетін заттар үшін жоғары температура қажет болса, мысалы 1200-1300<sup>0</sup>С, онда кремний қосылыстар құрамына бор атомдарын енгізген жөн.

Мысалы ВК-10 маркалы полиорганоборсилексан негізінде алынған желім 30 ХГСА болат металдарды 1200<sup>0</sup>С аралығында желімдеуге мүмкіндік береді.

Жоғары температураға төзімді кремний негізіндегі желімді құрамында қос байланысы бар силександы тізбектері бар қосылыстарды полимерлеу арқылы ВК-15 маркалы желімдер алынды.



ӘОЖ:517.9

КВАЗИ-СЫЗЫҚТЫ АВТОНОМДЫ ТЕҢДЕУЛЕРДІҢ  
ПЕРИОДТЫ ШЕШІМДЕРІ

*Ж.М. Мырзалиев, ф-м.ғ.д., профессор*  
*А.Т. Қаленова, магистрант*  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)

**Аңдатпа:** Жұмыста екінші ретті автономды квази-сызықты теңдеу үшін периодты шешімдер жиыны анықталған. Периодты шешімдерді іс жүзінде құру жолы қарастырылған.

**Түйін сөздер:** Дифференциалды теңдеу, интегралдау, квази-сызықты жүйе, автономды теңдеу.

Бұл жұмыста екінші ретті квази-сызықты теңдеуді қарастырамыз. Пуанкаренің кіші параметр әдісін пайдаланып, іс жүзінде периодты шешімдерді құру жолдары келтіріледі.

Біздің қарастырып отырған теңдеуіміз автономды болғандықтан, оны былай жазуға болады:

$$\ddot{x} + k^2 x = \mu F(x, \dot{x}, \mu) \quad (1)$$

мұндағы  $F$  -функциясы  $x, \dot{x}$ -аргументтері бойынша кейбір  $D$  облысында, ал параметр  $\mu$  бойынша нөл нүктесінің кейбір аймағында аналитикалық функция деп есептелінеді, яғни  $F$ -функциясы барлық аргументтері бойынша жинақты дәрежелік қатарға жіктеледі. Теңдеудегі  $k$  – кез келген сан.

Егер  $\mu = 0$  болса, онда туылма теңдеу аламыз:

$$\ddot{x}_0 + k^2 x_0 = 0 \quad (2)$$

Бұл біртекті сызықты теңдеулердің шешімі

$$x_0(t) = M_0 \cos kt + N_0 \sin kt \quad (3)$$

түрінде жазылады. Мұндағы  $M_0$  және  $N_0$  тұрақты сандарын сәйкес  $x_0(t)$  және  $\dot{x}_0(t)$  функцияларының бастапқы мәндері деп алуға болады. Шынында да, (2) өрнектен туынды алып және сол қатынаста  $t = 0$  деп алсақ,  $x_0(0) = M_0$ ,  $\dot{x}_0 = N_0$  болып шығады. Теңдеу автономды болғандықтан, бастапқы нүкте үшін туынды нөлге тең болатын нүктені алуға болады. Сондықтан туылма теңдеудің шешімі мына түрде жазылады:

$$x_0(t) = M_0 \cos kt$$

Бұл функцияның периоды  $\frac{2\pi}{k}$ . Ал негізгі (1) теңдеудің шешімінің периоды алдын ала белгісіз, ол жалпы жағдайда кіші параметрге байланысты болады. Бірақ, ол туылма теңдеудің шешімінің периоды  $\frac{2\pi}{k}$ -ға жақын болуы керек, ал параметрдің нөлдік мәнінде олар бірдей болуы керек. Сондықтан іздеп отырған шешімнің периодын  $T'$  – ны мына түрде жазамыз:

$$T = \frac{2\pi}{k} + \alpha(\mu) = \frac{2\pi}{k} (1 + h_1 \mu + h_2 \mu^2 + \dots) \quad (4)$$

Мұндағы  $h_1, h_2, \dots$  – тұрақты сандар, олар шешімді құру кезінде бір мәнді болып анықталады.

Бұл жағдай автономды теңдеулердің автономды емес теңдеулерден басты айырмашылығы болып есептелінеді.

Негізгі (1) теңдеудегі  $t$ -ның орнына жаңа  $\tau$ -айнымалысын енгіземіз:

$$t = \frac{\tau}{k}(1 + h_1\mu + h_2\mu^2 + \dots) \quad (5)$$

Өзінің өміріне әнді серік етіп, сол жолды таңдаған өнер адамдарына айтарымыз, бұл жолдың қиын да қызық, соқпағы мен сүрлеуі көп, жатпай-тұрмай ізденісті керек ететін өнер екенін еске саламыз. Сол себепті әнші болғысы келген жастарымызға айтар ақылымыз да көп. Бұл өнер біздің халқымызға ананың сүтімен, бесік жырымен, дархан даламыздың кеңдігімен дарыған десек, қателеспейміз. «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денен», – деп Абай атамыз айтқандай, бұл өмірде өлең және ән өнерінің алатын орны зор.

Кез келген жан керемет әннің ләззатына бөленіп, кейінгі ұрпағын адамгершілікке, парасаттылыққа тәрбиелеп, эстетикалық талғамын байытудан жалыққан емес. Адамға табиғатынан берілген дауыс сол жанға Алла тағаланың мейірімі түскен үлкен сыйы десек болады. Вокал өнерінің дамуы барысында әлемде әр алуан мектептер қалыптасты. Вокалға оқыту – әр шәкіртке жеке көңіл бөлуді қажет ететін педагогикалық қызметтің аса күрделі түрлерінің бірі. Дүниеде бір-бірін айна қатесіз қайталайтын екі адамның болмайтынын ескерсек, онда әр адамның психологиялық және физиологиялық ерекшеліктеріне мән берген жөн. Бір адамға оңай нәрсе, келесі бір адамға қиын немесе тіпті зиянды болып шығуы мүмкін. Міне, дәл осы себепті адамдардың барлығына бірдей қолданылатын ереже болмайды. Қалай болғанда жан-жақты білім беру әдісі әрбір ағзаның жеке ерекшеліктерімен сәйкес келуге тиіс.

Шынайы педагогикалық процесс ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыстың жемісті болуы үшін екі жақты жақсы қарым-қатынасты талап етеді. Жақсы шәкірт ұстазы секілді өзінің де жауапты екенін сезінеді. Сөйтіп мұғалімнің тапсырмаларын мұқият орындауға тырысады. Адам ән айтқан кезде өзінің дауысын тыңдаушы тәрізді ести алмайды. Мұны өзінің даусы жазылған таспаны ең болмағанда бір рет тыңдаған кез келген адам біледі. Міне сондықтан да ұстазды өз шәкіртінің ішкі дауысы дейміз. Ол шәкіртінің дауысына, оның сапасына, интонациясына, реңі мен күшіне үнемі мұқият талдау жасап отырады.

Вокалға оқыту сүйікті ісіңе бар мүмкіндігіңді салуды, кәсіби тұрғыдан өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Шынайы вокалист жақсы шыңдалған техникамен қатар жоғары мәдениетті болуға тиіс. Міне сонда ғана ол кәсіби қызметінде өзін сенімді сезінетін болады.

Соңғы кездері кәсіпқой сыншылар мен вокалдық өнер әуесқойларының арасында дұрыс сөйлеу және стилистика ережелерін нақты сақтау, вокалдың техникасын меңгеру, артистизм, ән айтудың көркемдік деңгейіне деген талаптар артып келеді.

Музыкамен айналысуды жоғары эстетизмді талап ететін мәдени қызметтің маңызды түрі ретінде қарастыру қажет. Орындаушылыққа мамандану дегеніміз, әртіс қатаң шеңберден шықпай, тынымсыз жұмыс істеуі керек деген сөз емес. Ол өзі таңдаған мамандығынан сыртқы дүниеден де күш алуға тиіс. Тек сонда ғана ол өзінің өнерінде барынша шынайы болады әрі оны үнемі жетілдіріп отырады.

Ән айту физиологиялық құбылыс болғандықтан, ән айтуда дыбыс аппараттары, көмей, ауыз қуысы, тіл, таңдай, кеңірдек, кеуде, өкпе сияқты ағзалар бір-бірімен өзара тығыз байланыста жұмыс атқарады. Әнші болу үшін ең алдымен табиғи дауысы болу керек. Және де есту мен музыкалық қабілеті болғаны дұрыс. Тыңдаушының көңілінен шығу үшін оларға ән айтудың қарапайым алғашқы шарттарын білген жөн. Атап айтқанда, дауыс аппараты жөніндегі түсінік, тірек, /опора/ тыныс алу және оның түрлері, резонатор, дикция (сөздің анықтығы). Дауыс аппаратына жататын ауыз қуыстары, атап айтқанда тіл, тіс, көмей, таңдай, өкпе. Тыныс алудың үш түрі болады; 1-ші екі қабырғаның асты диафрагмаға алынған тынысты тірек дейміз және де иықпен, кеудемен тыныс алады. Тірек дегеніміз ән айтудың фундаменті. Мысалы фундаментсіз салынған үй құлап қалуы мүмкін ғой, яғни ән айтқан кезде тынысты терең диафрагмаға алған дұрыс. Бұл тыныс ән айтудың фундаменті болып есептелінеді. Ән айтудың дұрыс жолдары мен дем алу тәсілдерін жаттығулар арқылы үйретуден бастайды. Дем тірегі дегеніміз – біз бір ауыр нәрсені көтеріп көрсек, айталық, фортепиано немесе тағы басқа соған ұқсас заттарды көтерсек, сонда адам денесінің қай жеріне салмақ түссе, сол жер тіреуіш нүкте (опорная точка) болып аталады. Резонатор дегеніміз дауысты жіберу (направление голоса), бұның да үш түрі болады. Бас, кеуде және қосалқы. Бас резонаторын жоғарғы ноталарды, ал кеуде резонаторын төменгі ноталарды алған кезде қосамыз. Сөйлеу мүшесіне ауыз қуысында тіл, тіс ерін, жұтқыншақ жақ сүйектерін қозғайтын еттер жатады. Ауыз қуысы жоғарғы жағынан таңдаймен, төменгі жағынан тіл мен жақ бұлшық еттерімен екі ұрт бұлшық еттер, арғы жағынан жұтқыншақ көмекей тесігі, үстіне жұмсақ таңдай доғасымен жалғасады. Дауыс сіңірлері өте нәзік орган. Дауыс пернесі (голосовые связки) көмейдің дәл ортасында орналасқан. Дауыс пердесі созылмалы бұлшық ет талшықтарынан тұрады. Екі тармақты нәзік дене құрылысы әншілердің ән айтқан сәтіндегі көмей деңгейін зерттегенде әйелдердің жоғарғы дауыстарын алғанда жұтқыншақ сәл жоғары деңгейде орналасса, ерлердің төмен дауыстарында көмей төмен деңгейде орналасқаны анықталды. Жалпы ән айту сәтінде тәжірибелі әншілердің көмей деңгейі бірқалыпта сақталатыны байқалады. Әншінің басқа музыканттардан ерекшелігі – әншінің ән айту құралы ылғи да өзімен бірге, сондықтан да дауысты суықтан, өте ыстықтан және басқа да сырттан әсер ететін зиянды құбылыстардан қорғаған дұрыс. Жоғарғы тыныс жолдарының (қолқа, көмекей, жұтқыншақ) трахеит, ларингит, фарингит сияқты аурулармен ауырған кезде тыныс алатын жолдағы үнемі дірілдеп тұратын дымқыл қабыршықтар зақымданып, әншінің тамағы құрғап, бұрынғы ашық дауысы қарлығып, дауысқа өзгеріс кіре бастағанын жылдам сезеді. Сондықтан дауыстың, тембрдің әдемілігін сақтау үшін дауыс аппаратын аурудан сақтап, оған жете көңіл бөлу керек. Әр әншінің өз дауысының реңі, яғни «тембрі» болады. Тембр гректің «тимпанс» деген сөзінен шыққан. Ол дегеніміз бір биіктіктегі естілетін әрбір дыбыстың өзіндік үні мен өңі, реңк өзгешелігін білдіреді. Тембр құлаққа жағымды, жағымсыз болып келеді. Мысалы, бір әншінің үні тыңдармандарға сондай жағымды, жүрекке жылы естілсе, енді бірінікі құлаққа дарылдап қарлығып, жағымсыз естіледі. Тембрдің құлаққа жағымды-жағымсызы деп осыны айтамыз.

Әннің мазмұнын тыңдарманға терең жеткізе білу әнші өнерінің бір қыры. Дауыстың тембріне қарай, дауыспен мұқият жұмыс жасау керек. Арнайы жаттығулар арқылы дауысты шыңдап, диапазонын ұлғайта, техникасын көркейте жұмыс жасау қажет. «Вокал» итальян тілінде «Воце» – дауыс деген мағынаны білдіреді. Әнді көркемдеп, әдемілеп, мәнерлеп музыка ырғағымен айту процестік әдістемені «Вокал» дейді. Әншілердің дауысы бас, баритон, тенор, сопрано, альт деп бөлінеді. Әр әншінің дауысы табиғатынан әртүрлі болады. Вокал пәнінің мақсаты әншілерге шығарманы орындау кезінде дауысты сауатты пайдалануға тәрбиелеу, әншілік техника мүмкіндігін шыңдау болып табылады. Ән айтып жаттыққан кезде дем тірегі әлсіз болса, дыбыс деңгейі таза болмай, позиция төмен болады. Бұған себеп жақ сүйектерінің еркін ашылмауынан. Төменгі иекті алға соза айтудан дыбыс тамаққа түсіп, таңдай мен жұтқыншақ түсіңкі болып, тіл арты көтеріңкі, дыбыс еркін шықпай, дауыстың көлемі кішірейіп, қысылып айтылады. Бұндай кемшіліктерді жою үшін студентпен көп жұмыс жасауға тура келеді.

Жақсы ойластырылған оқу жоспарында тек вокал техникасын үнемі шыңдауға арналған сабақтар ғана емес, «қосалқы» пәндерді оқуға да көңіл бөлінуі тиіс. Сонымен қатар болашақ вокалисті өзінің мамандығына үнемі ынталандырып және түрлі бұқаралық шараларға қатыстырып отыру керек.

Сонымен бірге студенттің музыкалық репертуарының кең болғаны да маңызды. Онда көптеген авторлар, жанрлар мен стилдер болуға қажет. Мұндай дайындық көркем орындаушының бойында жалпы мәдени базаны қалыптасуына негіз болады. Бұл оның өзіндік жеке техникалық, вокалдық және сахналық мүмкіндіктеріне қарай кәсіби өнердегі өзінің жолын таңдауына көмектеседі.

Вокалист студентті дайындауда көңіл бөлінетін негізгі шарт, ол қазіргі музыкалық бағыттар мен стилдерді жақсы білу және осы заманғы авторлардың композиторлық техникасының ерекшеліктеріне мән беру. Бұл жерде біз тек вокалистің даусын ғана айтып отырған жоқпыз. Ән айтуға бүкіл организм қатысады. Тікелей вокалистердің кәсіби қажеттілігі ән айту мәселелері ғылымды медицина тұрғысынан зерттеуге итермеледі. Соның нәтижесінде дауыс шығару жүйесін зерттеу техникасы айтарлықтай жетілдірілді.

Фониатрияда қол жеткен жетістіктердің арқасында дауыс ырғағындағы сәл ғана өзгерістердің өзін емдеудің мүмкіндігі пайда болды. Бір жағынан алғанда бұл ән айту өнерін үйреніп жүрген студенттер үшін қолдау болып табылады. Осының арқасында олар дауыс жүйесінің құрылымымен және оның мүмкіндіктерімен танысады. Дауысты шамадан тыс пайдалануға байланысты туындайтын зардаптар мен вокал техникасында орын алатын кемшіліктердің зиянын білетін болады. Екінші жағынан алғанда, бұл кәсіпқой вокалистерге күрделі немесе маусымдық сырқаттар кезінде кәсіби медициналық жәрдем алуға мүмкіндік береді.

Тек сонда ғана әнші ұзақ әрі ауыр өнер жолында өзінің дауысын кездейсоқ қолайсыздықтардан алдын ала сақтайтын болады. Міне сондықтан да жыныстық жетілу кезеңіндегі организмде болатын өзгерістерден бастап есту және дауыс жүйесінің жұмысын үйлестіруге дейін, денені қарапайым терең күтуден бастап физикалық және психикалық гигиена жөніндегі арнайы білімге дейін өзінің «басты құралыңды» өте жақсы білуге тиіссің. Соның арқасында мысалға, тыныс алуға жауап беретін бұлшық ет жүйесін нығайтуды білетін боласың. Яғни, тыныстау қабілетінді дамытасың. Нәтижесінде диафрагманың жұмысы жақсарады. Өз кезегінде шындығында опера әншісін кәсіби тұрғысынан дайындау үшін дәл осы саладағы білім ол әнші организмнің төзімділігін нығайтуға әкеліп соғады.

Өз мүмкіндігінді нақты бағалай білудің маңызы зор. Әр студент психологиялық тұрғыдан да, физиологиялық тұрғыдан да өз-өзін жақсы білуге тиіс. Міне сонда ғана әр әнші өз-өзіне баға беріп, тек ақыл-ойына ғана емес, тәніне де талап қоюды білетін болады.

Егерде шәкірт пен ұстаз арасында өзара сенімді диалог орнаса өте жақсы. Шәкірт ұстаздың айтқандарын мұқият орындап, жаттығу барысында өзінің көңіл-күйін оған айтып отыруы қажет. Сонымен қатар фониатрия жөніндегі маманмен де үнемі байланыста болып, оның кеңестеріне сүйеніп отырған жөн. Оқып үйрену барысында дауыстың қызметі жөніндегі ғылыми танымды тереңдету үшін шәкірт үнемі бұлшық ет және тыныс алу жүйесін жаттықтыру жөнінде мәселе туындай қалған жағдайда емдеу және сауықтыру әдістері жайлы мамандармен кеңесіп отыруы керек.

*Дыбыстың қарлығы – дауыстың бұзылуы бәсеңдеуі.*

Бұл – көмекейдің өткір, созылмалы аурулары салдарынан дыбыс жалғамаларының зақымдануымен аяқталатын әртүрлі кеселдер. Қарлығы кезінде көмекейден дыбыс шығу қиындап, дыбыстың ырғағы бұзылады. Дауыс бәсеңдеп, дірілдеп, сыбырлау дәрежесіне дейін жетуі мүмкін. Қарлығы «ларингит» сияқты көмекейдің қабыну кеселінде, дыбыс жалғамаларының ісініп, қалыңдауында, сол сияқты дыбыс жалғамалардың сөйлеу барысында толық ашылып-жабылмауына байланысты болады. Дыбыс жалғамалары ісінуіне, домбығуына, зақымдануына дәрі-дәрмектердің әсерінен туатын аллергиялық реакцияларда себеп болады. Науқасқа мезгілінде сапалы ем қолданылса, қарлығы тоқтап, дыбыс та дауыс та орнына келеді.

*Дауыстың өзгеруі (Мутация голоса).*

Әр 2-3 жыл сайын балалар даусы өзгеріп тұрады. Сәби өскен сайын оның дауысы қатая бастайды, сөйлеу мәнерінде де өзгешеліктер пайда болады. Олардың дауысы 2-3 тонға төмен жуандап шыға бастайды. Біз бұндай құбылысты 13 пен 16 жастың аралығындағы жасөспірімдерден жиі байқаймыз. Ұлдар мен қыздардың мутациялық кезеңі әртүрлі уақыттарда өтеді. Бала дауыс үлкендердің дауысына қарай қалыптаса бастайды. Дауыстың өзгеруіне баланың тұрған жеріндегі климаттық жағдайы да әсер етуі мүмкін, ұлттық нәсіліне, физиологиялық ерекшеліктеріне қарай да өзгереді. Ұлдардың дауыс аппараты тез жетіледі. Бұл кездері олардың дауысы 4-5 тонға шейін жуандайды. Ал қыздардың мутациялық кезеңі ер балаларға қарағанда онша байқалмай өтеді, дауысы 1-2 тонға ғана төмендейді. Бұл кезеңде олар өздерінің дауыс күтіміне өте сақ болуы керек. Шектен тыс айқайлау, дауыс тілшігінің зақымдануына сондай-ақ дауыстың мүлдем жоғалып кетуіне себеп болады.

*Мектептегі ән сабағы.*

Қазіргі таңда жалпы білім беру мектептерінде, музыка сабағын жоғары дәрежеде өткізу қолға алына бастады. Музыка пәні шығармашылық пән, оған көптеген ізденіс қажет. Сондықтан да музыка пәні мұғалімдеріне мектеп әкімшілігі мен ата-аналар зор үміт артады. Бұл орайда вокал пәні мұғалімінің кәсіби шеберлігі жоғары деңгейде болуы қажет. Бірінші кезекте баланың дауысын оның диапазонын анықтағаннан кейін ғана айтатын шығарма берілуі тиіс. Өсіп келе жатқан оқушының табиғи дауысын бұзып алмауға көп көңіл бөлуі керек. Ал ұстаз бағыты шынайы музыкалық тәрбие беруде оның жеке дара психологиясын, жас ерекшелігін, мінез-құлқының өзгешелігін ескеріп, жұмыс істей білу арқылы айқындалады. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі ән үйрету кезеңінде өзінің жоғарғы дәрежедегі орындаушылық қабілетімен оқушылардың көңілінен шыға білуі керек деп есептеймін. Ән үйретудегі жүйелілік бірізділікпен қатар салалы түрде әуенді ұғындыру, ырғақты дұрыс сезініп, дауыстың интонациялық биіктігінің таза орындалуында болуы тиіс.

### ПАЙДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мелани М. Поговорим немного о вокале. – Алматы: Дегдар, 2003.
2. Әбікейұлы Қ. Кәсіби әншілік өнері. – Алматы, 2004.

### РЕЗЮМЕ

*Смагулов М.С., старший преподаватель*

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ ПЕНИЮ НАЧИНАЮЩИХ СТУДЕНТОВ

С чего нужно начинать обучаться пению молодым исполнителям и школьникам? Как преодолеть проблемы, возникающие в процессе обучения? Что необходимо учитывать при уходе за голосом? Ответы на эти и другие вопросы даются в статье о методах обучения начинающих студентов вокалу.

**Ключевые слова:** певческое искусство, голос, звук, вокал, язык, зубы, гортань, нёбные звуки.

### RESUME

*Smagulov M.S., senior teacher*

*(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### METHODOLOGY OF EDUCATING TO SINGING OF BEGINNING STUDENTS

What is it needed to begin from to study to the young performers and schoolchildren? How to overcome problems arising up in the process of educating? What must be taken into account at caring for after voice? Answers for these and other questions are given in the article about the methods of educating of beginning students to the vocal.

**Keywords:** We hope that the advices offered in the article will be used students in their practical activity related to singing.

ӘОЖ 002

У 73

## КІТАПХАНА ІСІ МАМАНДАРЫНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*Ш.М. Усенбаева, аға оқытушы*  
*Д.Қ. Естаева, аға оқытушы*  
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік*  
*қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Мақалада кітапхана ісі мамандарының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру жолдары ғылыми тұрғыда қарастырылған. Қарым-қатынас мәдениеті жалпы мәдениеттің бір бөлігі болып саналады. Өйткені ол тұлғаның ортақ әлеуметтік қасиетін көрсетеді. Қарым-қатынас мәдениеті ғылыми дәреже ретінде соңғы жылдары ғана өз ұласымын тапты. Кітапхана ісі мамандары қарым-қатынас мәдениеті арқылы сөйлеу мәдениетіне, конфликтілік жағдайларды шеше білуге және кәсіби этикалық талаптарды қалыптастыру жолдарын теориялық тұрғыда атап көрсеткен.

**Түйін сөздер:** кітапхана, қарым-қатынас мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, кітапханалық қатынас, кәсіби этика.

Бүгінгі таңда еліміз егеменді ел болғалы ғылым, мәдениет салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы жастарға жалпыадамзаттық және жеке ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге ықпал етуде. Сондықтан қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани, қарым-қатынас мәдениетімізді жетілдіру көкейкесті мәселеге айналып отыр.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев жыл сайынғы Жолдауында Қазақстанның білім саласына ерекше назар аударып келеді. *Биыл Жолдау аясында Елбасы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты жаңа экономикалық саясаттың жүргізілетінін мәлімдеді.* Биылғы Елбасы Жолдауының білім саласы қызметкерлері үшін де орны ерекше болды. «Нұрлы жол» даму бағыты аясында жастардың болашаққа деген сенімін айқындап, қажырлы еңбек ете отырып, келешекті кемел ету жолында жастардың үлесі зор екендігін баса айтты. Болашақта тәуелсіз еліміздің тұғыры биік, қарыштап дамуы үшін сапалы білімі, саналы тәрбиесі бар отансүйгіш жастар ғана бар белесті бағындырары хақ. Болашақ ұрпақ үшін заманауи әдістер мен технологияларды енгізу, білімге қолжетімділікті кеңейту, білім сапасын арттыру Қазақстанның одан әрі қарыштап дамуына үлкен үлес қосады. «Білімді ұрпақ – жарқын болашақтың кепілі, болашақтың тірегі» жастардың білім саласында толыққанды білім алуына жағдай жасалып отыр [1].

Қазақстан Республикасының мемлекеттік болмысын қалыптастыру, оның егемендігін нығайтып, ұлттық сана мен тәрбиемізді қалпына келтіру және өркениетті елдер қатарынан орын алу ұлттық мемлекетімізді қалыптастырудағы басты шарттардың бірі.

Қарым-қатынасты – білім мен біліктілік, дағды және адамның ішкі құндылықтарына негізделген мәдени сауаттылығы ретінде қарастыруға болады. Қарым-қатынас – білім мен мәдениеттің компоненті, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адамзаттың дүниетанымы мен сана-сезімін жетілдірудің ерекше жолы. Ұлттық құндылықтарға негізделген қарым-қатынас мәдениеті студенттердің саналы көзқарасын, ізгілікті қарым-қатынас орнатуына, рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына, жүйелі іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді.

Адамның іскерлігі оның арнайы іс-әрекет орындау процесіндегі мәдениет деңгейімен байланысты. Жалпы мәдениеттің жоғары деңгейі әртүрлі еңбектің саласы мен нәтижелілігінің қажетті шарты және әрбір тұлғаның дамуы мен жетілуінің факторы. Болашақ мамандардың өмірлік қызметі және тұлға ретіндегі қалыптасу үстінде қарым-қатынас рөлінің маңызы зор екендігі жөнінде көптеген еңбектерде ғылыми түрде дәлелденген. Қарым-қатынас дағдысы кәсіптік қызметке, қоғамдағы белсенділік деңгейіне тікелей байланысты және ол әркімнің жеке іс-әрекеті. Мұның бәрі жеке тұлғаны қалыптастыруда қарым-қатынас мәдениетінің маңыздылығын көрсетеді.

Қарым-қатынас мәдениеті жалпы мәдениеттің бір бөлігі болып саналады. Өйткені ол тұлғаның ортақ әлеуметтік қасиетін көрсетеді. Қарым-қатынас мәдениеті ғылыми дәреже ретінде соңғы жылдары ғана өз ұласымын тапты. Қарым-қатынас мәдениеті әр адамға әсер ете отырып, өзінің мамандығы бойынша қарым-қатынас жасайтын қазіргі заман мамандарының қажетті сапасы болып саналады.

Кітапханашының оқырманмен қатынасы – адамдардың белгілі одақтағы өзара әрекеттестігі. Белгілі процесте адамдар арасындағы белгілі сұрақтардың шешілуі, олардың әртүрлі әлеуметтік қызметіне байланысты қарастырылуы, пайда болуы, орнатылуы, дамуы мен байланыстардың тоқтатылуы.

Кітапханалық қатынасқа көптеген басылымдар арналған. Олардың ішіндегі көбін С.А.Езова және И. А. Мейжис жазған. Әрбір автор өз ойын өзара әрекеттің теориялық және әдістемелік негізінде жазған. Олар тәжірибе жүзінде көрініс табады [2].

Қатынас өзара байланысқан үш құрылымнан тұрады: коммуникативті, перцептивті және интерактивті. Коммуникативті – өзара қатынасқа түсетін кітапханашылар мен оқырмандар арасындағы ақпараттық айырбас. Қатынастың коммуникативтік түрі мақсат ретінде қарастырылып, кітапханалық қызмет көрсетуге қолданылады.

Перцептивті – қатынас кезіндегі серіктестердің бірін-бірі қабылдау процесі және сол негізде өзара түсіністіктің орнығуы. Оның мазмұнын психологиялық жағдайдағы тиімділік процесі ретінде қарастыруға болады.

Интерактивті – кітапханашы мен оқырманның өзара әрекеттестігі тек қана ақпаратпен, ойлар, біліммен алмасу ғана емес, сонымен қатар іс-әрекетпен де алмасу. Интерактивті жақтың мазмұны ақпараттық қажеттілікті қанағаттандыру арқылы көздеген мақсатқа жету [3].

Кітапханалық қызмет көрсету процесіндегі қатынас тәжірибесінің үш түрі де бір-бірімен тығыз байланыста және ортақ іс-әрекеттің шешіміне жетудің сапасы мен тиімділігін белгілейді. Кітапханалық қатынас контексті іс-әрекеттің тәсілдері арқылы жүзеге асады, соған байланысты мазмұны мен мақсатқа жету қатынастың негізі болып келеді.

Кітапхана ісі мамандығы — «адам-адам» типті мамандық. Әрбір кітапханашы қай жерде жұмыс атқарса да, (оқу залында, әдебиетті өңдеу бөлімінде) ол тұлғааралық қатынас дағдыларын меңгерген болу керек, әңгімелесушісін тыңдай алу, ақжарқын сөйлеу, сыпайы болу керек (керекті жағдайда, мысалы: «бұқаралық іс-шара» өткізген кезде). Кітапханалық қатынастың құрылымдық ерекшелігі оның кітапханада үш деңгейде өтуі:

- Кітапханашылармен оқырмандар қатынасы;
- Кітапханашылар арасындағы қатынас;
- Оқырмандар арасындағы қатынас.

Кітапханашы мен оқырман қатынасының мәселелі жағдайы кітапханалар пайда болған уақыттан бері бар. Оқырман мен кітапханашы арасындағы өзара іс-әрекеттік және қарама-қарсы байланыс өте маңызды және өзекті мәселе. Көп жылдар бойы интенсивті бір жақты кітапханашы мен оқырман арасындағы өзара іс-әрекет қарастырылған. Кітапханалық қатынас ортасының кеңеюі, оның сапасының жоғарылауына байланысты кітапхана өзінің әлеуметтік дәрежесін көтере алады. Нақты және потенциалды тұтынушылар үшін тартымды бейне құрай алады. «Кітапханашы қарым-қатынастағы» жұмыс істейтін жағдайда қатынастың жоғары деңгейлі мәдениетін меңгерген.

Қарым-қатынас мәдениеті – адамзаттың мәндік сапаларын жақындастыруға бағытталған адамгершілік, саналылық әрекеттер. Қарым-қатынас мәдениеті қажетті ақпарат алмасуда, басқаруда көрініс беретін заттың, іс-әрекеттің тиімділігін қамтамасыз ететін мәдениеттілік белгілері – белсенділік, еркіндік, ерекшеліктің субъектісі ретінде танылады. Сонымен, қарым-қатынас мәдениеті адамды тәрбиелеу үшін, дүниені қабылдау және түсіну үшін, адамдарға және өзіне өзара әрекет субъектісі ретінде қатынасының мәдени құралы ретінде беріледі.

Қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз – оны қалыптастырудың негізгі шартынан туындайтын сөз мәдениеті, мінез-құлық мәдениеті, сыртқы түр мәдениеті. Бұлардың әрқайсысының мүмкіндіктері жоғары және өзіне тән мазмұны, ерекшеліктері бар.

Сөз мәдениеті – бұл тек сөйлеу деңгейінің бірлігін көрсетпейді, ол кітапханашы мамандарының мәдени адамгершілік белгілері. Сөйлеу мәдениеті – оқытушының тұлғалық қажеттіліктерін көрсетуші әрекеті. Мәдениеттаным бағытында қарым-қатынас мәдениеті бір жағынан дәлелдеуді қажет етпейтін қисынды ұғым десе, екіншіден көпмағыналы тіл мәдениеті, этикеті, мінез-құлқы, тұрмысы мен салты деп жіктеледі.

Олай болса, қарым-қатынас адамзат болмысының өмір сүру шарты деп есептеледі. Коммуникация процесінде әрбір адам өзара әрекеттің белсенді субъектісі бола отырып, олармен қатынасты дамытады, тереңдетеді. Ал коммуникативтік іс-әрекетте жеке адамның өзін-өзі тануы мен нақтылауы, ішкі мәдени дамуы жүреді. Адамдар өзара бірлесе отырып, ортақ нәтижеге жету үшін күш біріктіре келісуін қарым-қатынас деп түсінеміз. Соңғы жылдардағы тәжірибе болашақ кәсіпке даярлауда жеке тұлғаны мәдениеттілікке тәрбиелеу қажеттілігін білдіреді. Мәдениет коммуникациялық жүйе, әртүрлі ақпараттармен алмаса отырып, қатынастың барлық түрлерін қамтамасыз етеді. Қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуы мен берілуі, сақталуы адамзат болмысының негізгі шарты, өмірлік әрекетінің мәдени формасы, табиғи, әлеуметтік қоғамды тану құралы, адамның өзін-өзі тануы, қалыптасуы.

Қарым-қатынас барысында жеке адам қайталанбайтын шығармашылық тұлға ретінде көрінеді. Адамзат болмысының бөлінбес бөлшегі бола отырып, қарым-қатынас жеке адам дамуының құралы мен басқаруы бола алады. Қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуының мынадай өлшемдерін анықтауға болады:

- Жеке тұлғаның қоғамдық ортамен байланысы;
- Қарым-қатынас мәдениеттілігі деңгейіндегі теориялық білімді меңгеруі;
- Әлеуметтік ортадағы мінез-құлқы;
- Қарым-қатынас орнатуға бағытталған іс-әрекеттері;
- Қарым-қатынас барысындағы жауапкершілігі;
- Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы икемділігі, іскерлігі, дағдылары.

Қазіргі кітапханалардың басты міндеттері – оқырмандарды жан-жақты тәрбиелеу. Отбасы тәрбиесімен ұштасқан тәрбие негізін жалғастырушы тәрбие орны мектеп пен кітапхананың бірлігі – жастардың бойындағы жеке қасиеттерін қалыптастыратын, бекітуге жол салатын білім мен тәрбие орталығы. Бүгінгі таңда білім беру мазмұны түбегейлі қайта қаралып, тәрбиелеу ісінде өзгерістер енгізілуде. Мұның өзі қоғамның әлеуметтік дамуына сай белсенді, мәдениетті, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған тәрбие процесінің мазмұнын қайта құрып, жетілдіруді қажет етеді. Кітапханашы-библиограф мамандарының кәсіби даярлығын дамыту барысында қарым-қатынас мәдениетінің қыр-сырын, іскерлік дағдыларын қалыптастыру қажет. Қарым-қатынас мәдениеті – адамдардың қарым-қатынасының психологиялық және адамгершілік бағыттарын қарастырады. Қазіргі қоғам жоғары адамгершілік деңгейдегі мамандар даярлауды қажет етеді, қалыптасып келе жатқан қоғамға мәдениеттілік қалпын енгізуді көздейді.

Кітапханадағы қарым-қатынастың өзіне тән маңызы бар, олар:

- Коммуникативтік – бұл кітапханалық қарым-қатынастың түрі, кітапханалар ортасындағы қарым-қатынастық қызметтің құралы болып есептеледі;

- Ақпараттық – кітапхана оқырманға ақпарат беріп отырады. Ақпарат пайдаланушыға беріледі, пайдаланушы мен ақпараттың арасында байланыс болмаса, ақпарат өзінің маңыздылығын жоғалтады. Сонымен бірге кітапханашы өзінің білімін үнемі көтеріп отыруы керек. Осы мақсатпен кітапханашылар әртүрлі әдістемелік ғылыми семинарларға, өндірістік кеңестерге, іс-тәжірибе алмасу шараларына қатысып, баспасөз беттері арқылы өз тәжірибелерімен бөлісіп отыруы керек;

- Реттеушілік қызмет – кітапханашыға кітапхана ортасында қарым-қатынасын реттеп, кәсіби ұжымда өз орнын табуға, пайдаланушымен қызметтік қарым-қатынас орнатып, этикалық тұрғыдан дұрыс жолға қоюға көмектеседі;

- Тәжірибелік қызмет – кітапханадағы орнықты әрі лайықты қарым-қатынас оған қатысушыларға жақсы әсер етеді, кітапханашы оқырманмен қарым-қатынас кезінде қызмет көрсетуді жақсартуға ақпарат алады, оқырманның білімі мен мәдениетінен өзіне қажетті жақтарын пайдалана алады, сол сияқты оқырман да кітапханашыдан тәрбиелік әсер алады: ақпарат беруде, оны іздестіруде, кітапханалық қарым-қатынас мәдениетін сақтау барысында екеуінің істері бір мақсатқа тоғысады.

XXI ғасыр – ақпараттар ғасыры, компьютердің, интернеттің ғасыры, адам үшін техника жұмыс істейді дегенімізбен, өмірге еніп жатқан сан алуан ақпараттарды қабылдап, оны тыңдаушысына өз деңгейінде дұрыс жеткізу үшін кітапханашы мамандар тіл мәдениетін, оның өзіне тән ішкі заңдылықтары мен талаптарын игеруі тиіс. Сөйлеу мәдениеті, тіл мәдениеті – кітапханашыдан үлкен кәсіби біліктілікті қажет етеді. Адам өзінің өмір қажетін өтеуге байланысты басқа біреулермен пікірлеседі, ой алмасады. Адам баласының сана-сезімінің дамуында дыбысты тілдің пайда болуының маңызы зор болды [4].

Тіл, сөйлеу ежелден бері жеке адамның да қоғамдық ой-санасын дамытып, жетілдіруде де аса маңызды рөл атқарады. Айтылған сөз ойлы да, мәнерлі де болуы тиіс. Халқымыз мәнді сөйлейтіндерді «сөзі мірдің оғындай екен» дейді. Ескі қазақ жұртының ғұлама ғалымы Ж.Баласағұн «Ақылдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» деп тауып айтқан. Тіл арқылы жеке адамның тәжірибесі, санасы ұжымның басқа мүшелерінің игілігіне айналады. Тіл арқылы ойымызды басқа біреуге жеткізуді сөйлеу деп атайды. Сөйлеу – пікір алысу процесінде жеке адамның белгілі тілді пайдалануы. Сөйлеу жеке адамдардың арасында өзара түсінісуді реттестіру үшін, пікір алысу үшін қызмет етеді. Сөйлеу арқылы адам өзінің білімін, практикалық тәжірибесін байытып қана қоймай, сонымен қатар ғасырлар бойы жинақталған қоғамдық тәжірибені меңгеруге де мүмкіндік алады. Біз сөз арқылы ғана неше түрлі ойымызды сыртқа білдіре аламыз.

Сөзді қабылдау және оны ұғыну бір-бірімен тығыз байланысты. Адамға тән сөйлеу мәдениетінде екі сипат болуы шарт. Мұның біріншісі – сөйлеудің мазмұндылығы, екіншісі – оның мәнерлілігі делінеді. Сөйлейтін сөзде мазмұн болмаса, ол өзіндік сөздің мәнін жояды. Сөздің мазмұндылығы дегеніміз – екінші біреуге жеткізілетін ойдың айқындылығы. Сөздің мәнерлілігі дегеніміз – адамның сөйлеу кезіндегі эмоциялық қалпын білдіре алуы, яғни әрбір сөйлемді анық айта алуы. Мәнерлі сөйлей білудің кітапханашы үшін маңызы зор. Пікірлесудің қандай түрлері болса да, сөйлеу формалары арқылы жүзеге асып отырады. Пікір алысудың нақтылы мақсаты мен жеке жағдайларына қарай, сөйлеу түрлі ерекшеліктерімен көрінеді. Осы айтылғандар тұрғысынан сөйлеу бірнеше түрлерге бөлінеді. Алдымен сыртқы және ішкі сөйлеу болып үлкен екі топқа жіктеледі.

Кітапханашы маманының басты құралы – оның сөйлеу мәдениеті. Қарым-қатынас орнату, сөйлесу, сөйлеу арқылы хабар алу немесе керісінше хабар жіберу көне заманда адамзат санасымен қатар қалыптасты. Шындығында, күллі процестер мың есе орындалады – орта өзгереді, біздің өзіміз әр нәрсені білеміз, түсінеміз, өзіміздің білімімізді тәрбиелеу және оқыту барысында қолдана аламыз. Адамға сөйлеп үйрену үшін қаншама үлкен асулардан өтуіне тура келеді. Кітапханашы мамандығы адамнан сөйлей білуді, оқырманмен тілдесу мәдениетін талап етеді. Бұл түсінікті жайт: жұмыс істей отырып, біз оқырмандарымызбен сөйлесеміз, хабар алысамыз. Оқырманның біліміне, жасына, мамандығына қарамастан,

біздің сөйлесу жүйеміз оларға түсінікті болуы керек. Бұл біздің табысты жұмысымыздың басты шарты. Кітапханада оқырман барлық жерде және әрдайым жүреді [5].

Кітапханашының сөйлеу мәдениетінің қандай болуы керектігі жөнінде ойластырып көрелік. Оқырманмен сөйлесу кезінде оның айтқан сөздерін қатты дауыспен қайталау міндетті емес. Мұндай жағдайда келесіде оқырман сізбен сенімді түрде сөйлеспейді. Кітапханада дауыс көтеріп сөйлеуге болмайды. Оқырмандарды бұған үйретуге болады, ең бастысы кітапханашылардың өздері бұл ережені бұзбаулары тиіс.

Кітаптың қасиеті мәңгілік. Ол қасиет қалам ұстаған сөз зергерлерінің ғана емес, өзін қоғамның белді мүшесімін деп есептейтін әрбір адамның бойына дарығанда ғана нұрлы болмақ. Кітаппен кездесе отырып, бүкіл адамгершілікке қатысты қасиеттерді тануға болады. Кітап оқып отырған адамның шыдамы таусылып, өзге халыққа, мәдениетке назары ауа бастайды. Оқи отырып ол бір ғана өмірде емес, өзге ұлт авторымен бірге болып, әртүрлі халықтың өмірін таниды. Ғасырлық құндылықтарға жақындай отырып, ұлттарды, халықтарды жақындатып отыруға мүмкіндік береді.

Егер кітапханада адамға деген жылы шырай танылмаса, ол кітап тарататын, сақтайтын жерге айналады. Кітапқа көбіне кішкентай балалар ғашық болады. Есейген сайын кітапсыз өздерін жаман сезіне бастайды. Қандай да өркениетті елдің дамуында білім, ғылым, мәдениет басты орын ала отырып, кітап оқуға деген құштарлық та арта береді. Қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуында сөйлеу мәдениеті ерекше орынға ие. Студенттер арасындағы қарым-қатынастардың қалыптасуы, әдетте, олардың бірін-бірі қабылдай алуы, түсінуі және бағалауына байланысты, яғни тілдесу нәтижесінде бір адамның екіншісінің бейнесі жөнінде топшылаған ой-пікірі. Екінші адамның тұлғалық бейнесін оның сырт пішіні мен психологиясын және әрекет-қылығын байланыстыра, салыстырып тануға болады. Ал психологиялық бейне әр адамның әр қажетсінуінен, қылық мотивтерінен, мінез бітістерінен, әрқандай өмірлік жағдайлардағы көңіл-күй толғаныстары мен әрекеттерінен көрінеді.

Студенттің жеке тұлға ретіндегі ішкі жан дүниесі оның сөзі мен тілінен айқын көрініп тұрады. Қандай сөздер мен тіркестерді қолдануына қарап, сөз ырғағы мен әуенін талдай отырып, олардың ерекшеліктерін байқауға болады. Ал қарым-қатынас мәдениеті оқу-тәрбие барысында пайда болып, қалыптасуы біртіндеп жүзеге асады. Әсіресе оқытушының қарым-қатынастағы мәдениеті маңызды рөл атқарады, бұған үлкен мән берілуі қажет. Демек, қарым-қатынас мәдениетіндегі сөйлесу мәдениетіне ерекше мән беріледі. Адам иманына тілдің, сөздің тигізетін ықпалы үлкен. Тілдесу мәдениетін бағалай білетін халқымыз: «Тау мен тасты жел бұзар, адамзатты сөз бұзар» деп сөздің маңызын тани білген. Көпшілік алдында сөйлеу үшін кітапханашы белгілі бір білік-дағдыларға ие болуы керек. Психологтардың анықтамасынша, дағды дегеніміз – белгілі бір операцияны ең үздік нұсқада жүзеге асыру мүмкіндігі. Шешен қандай дағдыларға ие болуы керек? Негізгі дағдылар мыналар: әдебиеттерді іріктеу дағдысы, іріктелген әдебиетті оқу дағдысы, жоспар құру дағдысы, сөйлейтін сөзін жазу дағдысы, аудиторияның алдында өзін-өзі ұстай білу дағдысы, уақытты мөлшерлей алу дағдысы. Осы дағдылардан барып кітапханашыға шешендік біліктілік қалыптасады.

Ол мынадай біліктілікке ие болуы тиіс:

- сөйлейтін сөзін өз бетімен дайындау;
- сөзін тапқыр әрі сенімді мазмұндау,
- тыңдаушы сұрағына жауап бере білу;
- аудиториямен байланыс орнату мен оны ұстап тұра білу.

Егер осы білік-дағдылардың бірі сөз сөйлеушіде болмаса, оның сөзінің тыңдаушыларға тигізетін әсері әлсірейді. Айталық, сіз сөйлейтін сөзіңіздің мәтінін жақсы жазасыз, бірақ оны аудитория алдында қарапайым әрі анық жеткізе алмайсыз. Сондай-ақ сіз аудиторияны сөзіңізбен қызықтыра аласыз, бірақ белгіленген уақытты жеткізе алмадыңыз, негізгі ойыңыз айтылмаса, сіздің шешендік сөзіңіздің әсері төмендейді. Сондай-ақ көпшілік алдында сөз сөйлеу сәттілігі шешеннің сөз мазмұнының негізін, яғни тақырыбын жақсы білуіне тікелей байланысты [6].

Бүгінгі күні білім беру мекемелері мен педагогикалық ғылым алдында, білім берудің мақсаты мен мазмұнына, оны орындаудың әдіс-тәсілдеріне деген жаңа көзқарастар қалыптасуда. Олардың негізгі алдына қойған мақсаты – өзін-өзі дамыта алатын, өз бетімен білім алатын, тәрбиелі қоғамның белсенді азаматын жан-жақты етіп қалыптастыру.

Қарым-қатынас мәдениетін (сөз мәдениеті, мінез-құлық мәдениеті т.б.) болашақ кітапхана ісі мамандарын даярлау барысында пайдалануда зерттеуге бағытталған проблеманы жан-жақты қарастырып, оның мазмұнын, тәрбиелік мүмкіндіктерін ашып, анықтау қажеттігін көрсетеді. Қарым-қатынас мәдениетіне болашақ кітапхана ісі мамандарын тәрбиелеудің маңызы, жеке адамның құндылықтар мен мүмкіндіктердің негізін үйретіп қана қоймай, оларды даярлауда танымдық, тәрбиелік, дамытушылық, ізденушілік, шығармашылық сияқты міндеттер атқарады.

Бүгінгі жаңа қоғамды ізгілендіру мен жаһандандыру жағдайында қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру әлеуметтік-педагогикалық мәселелердің бірі. Кітапханашы-библиограф мамандарының кәсіби даярлығын дамыту барысында қарым-қатынас мәдениетінің қыр-сырын, іскерлік дағдыларын қалыптастыру қажет. Қарым-қатынас мәдениеті – адамдардың қарым-қатынасының психологиялық және адамгершілік бағыттарын қарастырады.

Қазіргі қоғам жоғары адамгершілік деңгейдегі мамандар даярлауды қажет етеді, қалыптасып келе жатқан қоғамға мәдениеттілік қалпын енгізуді көздейді. Халқымыздың рухани-мәдени қайта өрлеу кезеңінде жас ұрпаққа терең де жүйелі білім беруде, оларды қоғам талабына сай азамат етіп тәрбиелеуде қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеудің маңызы артып отыр. Қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз – оны қалыптастырудың негізгі шартынан туындайтын сөз мәдениеті, мінез-құлық мәдениеті, сыртқы түр мәдениеті. Бұлардың әрқайсысының мүмкіндіктері жоғары және өзіне тән мазмұны, ерекшеліктері бар. Сөз мәдениеті – бұл тек сөйлеу деңгейінің бірлігін көрсетпейді, ол кітапханашы мамандарының мәдени адамгершілік белгілері. Жоғары білім беру жүйесінде тәрбиенің қыр-сырын әртүрлі жұмыс формалары мен әдіс-тәсілдері арқылы меңгертуде кітапханалардың маңызы зор. Біздің өміріміз сан-салалы қарым-қатынасқа толы. Сол себепті этиканы, этикетті, сөйлеу мәдениетін, әдепті, адамгершілік қағидаларын адамзат баласы кішкене күнінен бастап санасына сіңіруі керек. Болашақ мамандарға адамгершілік қағидаларын білу – басты парыз.

Қазіргі кезде этика нормаларын білуге деген ықылас күн өткен сайын артып отыр, себебі адамдардың тұрмыс дәрежесі жақсарды, бірімен-бірі қарым-қатынасқа түсудің мүмкіншіліктері артты. Сонымен бірге этиканы әр халықтың өз ерекшеліктері мен мінез-құлықтарына қарап та ажыратуға болады. Әртүрлі өмірлік жағдайларда адамгершілік пен әдептен озбай адамдық қасиетті сақтау – өмірдің басты талабы. Кітапхана этикасы да жалпы этика атты ұғымнан алшақ кетпейді. Әдепке байланысты қағидалардың көпшілігі кітапхана этикасына қатысты. Кітапханада қызмет атқаратын қызметкерлерден кәсіби біліктілікпен қоса жоғары этика талап етіледі. Сол сияқты, кітапханаға келушілер де әдептілік нормасынан алыс кетпеуі керек. Болашақ кітапханашы мамандарының кәсіби қабілеттері мен іскерлігін қалыптастырып дамытуда, өз мамандықтарына деген қызығушылыққа тәрбиелеуде, өз бетінше білімін жетілдіріп отыруға, дағдыландыруға, шығармашылық әрекетті қалыптастыруда кітапханадағы өткізілетін көпшілік шараларға ерекше көңіл бөлінеді.

Дәлірек айтқанда, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда кітапханада ұйымдастырылатын тәрбиелік іс-шаралардың маңыздылығы кітапхана ісі мамандарының теориялық білімін тексеріп, кәсіби іскерлігін қалыптастырудың маңызды шарты ғана емес, түрлі тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру формалары мен әдістерін үйренуге мүмкіндік туғызады.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. *«Нұрлы жол – болашаққа бастар жол»* // Егемен Қазақстан. 2014, 11 қараша. –

Б.1-2.

2. Езова С.А. Культура общения библиотекарей: Учебно-методическое пособие. –М.: Либерия, 2004. – 144 с.

3. Езова С.А. Библиотечное общение /Вост. – Сиб. Гос. Инст-т культуры. – Улан-Удэ:Бурят. Кн. Изд-во. 1990. – С. 68.

4. Исмурзина Р.Г. Сөйлеу мәдениеті (Кітапханашыға көмек) // Кітапхана әлемі. №2. 2007. – Б. 2-5.

5. Калиева Г.И. Формирование культуры будущего специалиста. – Алматы: 2001. – 212 б.

6. Абылғазина Г. Ғұламаның бәрі кітапхана алдында қарыздар. Дебат сабақ. // Мектептегі кітапхана. №4. 2008. – Б. 6-7.

## РЕЗЮМЕ

*Усенбаева Ш.М., старший преподаватель,*

*Естаева Д.К., старший преподаватель*

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### ФОРМИРОВАНИЕ НАВЫКОВ КУЛЬТУРНОГО ОБЩЕНИЯ ДЛЯ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ БИБЛИОТЕЧНОГО ДЕЛА

В работе раскрыта, анализирована проблема направленная на изучение вопросов использования культуры общения (культуры речи, культуры поведения и т.д.) в деле подготовки будущих специалистов библиотечного дела и использования этих навыков в воспитательных целях. А также в работе рассматриваются важность навыков культурного общения для будущих специалистов библиотечного дела и актуальность решения проблем воспитания, познания, развития, изыскания творчества студентов.

**Ключевые слова:** библиотека, культуры общения, культуры речи, библиотечное дело, профессиональная этика.

## SUMMARY

*Usenbaeva Sh.M., senior lecturer*

*Estaeva D.K., senior lecturer,*

*(Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### CULTURAL COMMUNICATION SKILLS FOR THE FUTURE SPECIALISTS OF LIBRARY

The problem is analyzed disclosed, aimed at examining the issues of the culture of communication (speech culture, culture, etc.) in the preparation of the future experts of librarianship and use these skills for educational purposes. And in this work the importance of cultural communication skills for future library professionals and relevant solutions for education, knowledge development, research, creativity of students.

**Keywords:** library, culture of relations, the culture of speaking, library relations and professional ethics.